

ISSN (Print) 2616-7174
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ЖУРНАЛИСТИКА сериясы

JOURNALISM Series

Серия **ЖУРНАЛИСТИКА**

№4 (125) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Қайрат Сак**

филология ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Айтмұханбет Есдәулетов** *ф.ғ.канд., доцент (Қазақстан)*
Бас редактордың орынбасары **Гүлнар Кендірбай** *PhD (АҚШ)*

Редакция алқасы

Алдабергенов Қырықбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Асанов Қойлыбай	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбдіманов Өмірхан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбішева Вера	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Бейсенқұлов Аязби	Ф. ғ. к., доцент (Қазақстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (АҚШ)
Дзялошинский Иосиф	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Жақып Бауыржан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Жусупова Алматы	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Ирназаров Кудрат	Т. ғ. д., проф. (Өзбекстан)
Корконосенко Сергей	Саяси ғ. д., проф. (Ресей)
Қара Әбдіуақап	Т. ғ. д., проф. (Түркия)
Қозыбаев Сағымбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Лебедева Татьяна	Ф. ғ. д., проф. (Франция)
Нұртазина Роза	Саяси ғ. д., проф. (Қазақстан)
Омашев Намазалы	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Ризун Владимир	Ф. ғ. д. проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Қазақстан)
Сердәлі Бекжігіт	Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Тахан Серік	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Тоқтағазин Мұратбек	Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Халилов Әбдіғани	PhD, проф. (Қырғызстан)
Ченгел Хулия Касапоғлы	PhD, проф. (Түркия)
Шайхитдинова Светлана	Филос.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалахметов Ғаділбек	Халықаралық Еуразиялық телевидение және радио академиясының академигі (Қазақстан)
Шестеркина Людмила	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Шульцман Петр	Өнертану ғ. к., доцент (Қазақстан)

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев
Жауапты хатшы: Гүлжазира Ертасова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК.
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16995-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 25 дана.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)
© **Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

Editor-in-Chief **Kairat Sak**
Candidate of Philology, Professor (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Aitmukhanbet Yesdauletov** *Candidate of Philology, Associate Professor (Kazakhstan)*
Deputy Editor-in-Chief **Gulnar Kendirbai** *PhD, Professor (USA)*

Editorial board

Aldabergenov Kyrykbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Asanov Koilybay	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abdimanov Omirkhan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abisheva Vera	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Beisenkulov Ayazbi	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Brown Michael	PhD, Prof. (USA)
Dzyaloshinski Iosif	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Jakyp Baurjan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhussupova Almatay	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Irnazarov Kudrat	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Uzbekistan)
Korkonosenko Sergei	Doctor of Political Sciences, Prof. (Russia)
Kara Abdulvahap	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Turkey)
Kozybayev Sagymbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Lebedeva Tatiana	Doctor of Philology, Prof. (France)
Nurtazina Roza	Doctor of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Omashev Namazaly	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Rizun Volodymyr	Doctor of Philology, Prof. (Ukraine)
Syed Agil bin Shekh	PhD, Prof. (Malaysia)
Saubayev Madiyar	PhD, Prof. (Kazakhstan)
Bekzhigit Serdaly	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Takhan Serik	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Toktagazin Muratbek	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Khalilov Abdygani	PhD, Prof. (Kyrgyzstan)
Çengel Hülya Kasapoglu	PhD, Prof. (Turkey)
Shaikhitdinova Svetlana	Doctor of Philosophy, Prof. (Russia)
Shalakhmetov Ghadilbek	Academician of the International Eurasian Academy of Television and Radio (Kazakhstan)
Shesterkina Ludmila	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Shultsman Petr	Candidate of Art, Assoc. Prof. (Russia)

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev
Executive Secretary: Guljazira Yertasova

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity off economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No 16995-Ж from 27.03. 2018.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Кайрат Сак**
кандидат филологических наук, профессор (Казахстан)

Зам. главного редактора **Айтмуханбет Есдаuletов** к.ф.н., доцент (Казахстан)
Зам. главного редактора **Гульнар Кендирбай** PhD (США)

Редакционная коллегия

Алдабергенов Кырыкбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Асанов Койлыбай	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абдиманов Омирхан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абишева Вера	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Бейсенкулов Аязби	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (США)
Дзялошинский Иосиф	Д. ф. н., проф. (Россия)
Жакып Бауыржан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Жусупова Алматы	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Ирназаров Кудрат	Д. ист. н., проф. (Узбекистан)
Корконосенко Сергей	Д. полит. н., проф. (Россия)
Кара Абдиуакап	Д. ист. н., проф. (Турция)
Козыбаев Сагимбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Лебедева Татьяна	Д. ф. н., проф. (Франция)
Нуртазина Роза	Д. полит. н., проф. (Казахстан)
Омашев Намазалы	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Ризун Владимир	Д. ф. н., проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Казахстан)
Сердали Бекжигит	К. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Тахан Серик	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Токтагазин Муратбек	К. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Халилов Абдигани	PhD, проф. (Киргизстан)
Ченгел Хулия Касапоглу	PhD, проф. (Турция)
Шайхитдинова Светлана	Д. филос. н., проф. (Россия)
Шалахметов Гадильбек	Академик Международной Евразийской академии телевидения и радио (Казахстан)
Шестеркина Людмила	Д. ф. н., проф. (Россия)
Шульцман Петр	К. н. искусств., доцент (Казахстан)

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев
Ответственный секретарь: Гульжазира Ертасова

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16995-Ж от 27. 03. 2018 г.
Периодичность: 4 раза в год.
Тираж: 25 экземпляров.
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (вн.31413)
© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

БАСПА ІСІ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ БАҚ

<i>Алдабергенов Қ.М.</i> Қазақ тілінде 1917-1933 жылдар аралығында жарық көрген кітаптар	8
--	---

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

<i>Абишева В.Т., Мадетхан Р.С.</i> Публицистикалық дискурстың коммуниктивтік және танымдық аспектілері туралы	19
<i>Баткеева Б.Т.</i> «Ана тілі» газеті бетіндегі қазақ өнерінің мәселелері	25
<i>Жұматаев Е.</i> БАҚ-тағы саяси-әлеуметтік қақтығыстың жариялануы	31
<i>Кусайнова М.М., Ишанова А.И.</i> Жарнама және PR-бренд мәтіндердегі сторителлинг тәсілдері	37
<i>Сейтжанова Ж.Д.</i> Қоғамдық-құқықтық сауаттылықтың БАҚ-тағы ерекшелігі	44
<i>Тәжібаев Ғ.Қ., Білдебекова Ә.Т.</i> Телеберілімдерге жас шамасына қарай қойылатын критерийлер	51

ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС

<i>Молдабаев Х.С.</i> Мемлекеттік органдардың баспасөз қызметіндегі ұйымдастыру мәселелері	61
<i>Омашев Н.О.</i> Ұлт-азаттық көтеріліске жаңа көзқарас	68
<i>Шауенова Г.Ә., Бутеев Б.</i> Білім мен Ғылым саласындағы ынтымақтастық (Қазақстан мен Түркия тәжірибесінен)	76

ЖАҢА МЕДИА

<i>Булатова М.Б.</i> Қазақстан журналистикасындағы әлеуметтік медианың рөлі: жаңа сын-тегеуріндер	87
---	----

Contents

PUBLISHING AND INTERNET MEDIA

<i>Aldabergenov K.M.</i> Books were published in the Kazakh language between 1917-1933	8
--	---

MASS MEDIA AND SOCIETY

<i>Abisheva V.T., Madetkan R.S.</i> To The Question of Communicative and Cognitive Aspects of Publicistic Discourse	19
<i>B.T. Batkeeva</i> The problems of Kazakh art on pages of “Ana tili” newspaper Annotation	25
<i>Zhumatayev Ye.</i> The Language of the Media in the Publication of Political and Social Conflict	31
<i>Kusainov M.M., Ishanova A.I.</i> Storytelling techniques in advertising and PR-branded texts	37
<i>Seytzhanova Zh.D.</i> Media Features of Public law Literacy	44
<i>Tazhibayev G.K., Bildabekova A.T.</i> Criteria Teleplay on age Categories	51

PUBLIC RELATIONS

<i>Moldabayev Kh.S.</i> Press service in a government agency and its main areas	61
<i>Omashev N.O.</i> A new approach at the national liberation rebellion	68
<i>Shauenova G.A. , Buteev B.</i> Cooperation in the field of education and science (From the experience of Kazakhstan and Turkey)	76

NEW MEDIA

<i>M.B. Bulatova</i> The Role of Social Media in Kazakhstani Journalism: New Traditions and Challenges	87
--	----

Содержание

ИЗДАТЕЛЬСКОЕ ДЕЛО И ИНТЕРНЕТ СМИ

<i>Алдабергенов К.М.</i> Книги изданные на казахском языке в период 1917-1933 годах	8
---	---

СМИ И ОБЩЕСТВА

<i>Абишева В.Т., Мадетхан Р.С.</i> К вопросу о коммуникативных и когнитивных аспектах публицистического дискурса	19
<i>Баткеева Б.Т.</i> Проблемы казахского искусства на страницах газеты «Ана тілі»	25
<i>Жуматаев Е.</i> Освещение общественно-политических конфликтов в СМИ	31
<i>Кусаинова М.М., Ишанова А.И.</i> Приемы сторителлинга в рекламных и PR-брендовых текстах	37
<i>Сейтжанова Ж.Д.</i> Медиа-особенности публично-правовой грамотности	44
<i>Тажимаев Г.Т., Билдабекова А.Т.</i> Критерии телепередач по возрастным категориям	51

СВЯЗЬ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ

<i>Молдабаев Х.С.</i> Пресс-служба в государственном органе и её основные направления	61
<i>Омашев Н.О.</i> Новый взгляд на события вековой давности	68
<i>Г.А. Шауенова, Б. Бутеев</i> Сотрудничество в области образования и науки (Из опыта Казахстана и Турции)	76

НОВЫЕ МЕДИА

<i>Булатова М.Б.</i> Роль социальных медиа в журналистике Казахстана: новые традиции и вызовы	87
---	----

FTAMP 19.51.09

Б.Т. Баткеева

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті. Астана, Қазақстан.
(E-mail: bakybatkeeva@mail.ru)*

«Ана тілі» газеті беттеріндегі қазақ өнерінің мәселелері

Аңдатпа. «Ана тілі» газеті өзінің атауы айтып тұрғандай қазақ тілінің жай-күйі мәселелерін көтеру, тіліміздің мемлекеттік мәртебесін орнықтыруға ат салысу және елтану, тілтану тақырыптарына арналған материалдар жариялаумен қатар Алаш зиялыларының өмірі мен еңбектері жайында, әдебиет, мәдениет, өнер саласындағы тұлғалардың шығармашылығы хақында өзекті мәселелерді ұсынып келді. Әрине, тіл мәселесі тек қана «мемлекеттік тіл өз мәртебесін ала алмауда», «қазақ тілі бай тіл, көркем тіл», «намысың болса ұлттық тіліңнің күнін жоқта», т.б. құрғақ уағыз, қысыр сөзбен шешіле қоймайтыны белгілі. Бұл мәселеде ана тілі арқылы ұлттық рухымызды оятып, жігер намысымызды жанушы өнердің рөлі ерекше және де өнер адамдарының жанкешті қажыр-қайраты арқылы қаншама игілікті іс-шаралар іске асып жатқаны баршамызға белгілі. Сондықтан да оларды ұлықтау, үлгі-өнегесін көпке насихаттау, еңбегін бағалау, ел алдында абырой атағын асқақтату әрине, ұлттық баспасөз ақпарат құралдарының басты назарында ұстайтын бір бағыты екені даусыз.

Мақалада Ұлт газеті «Ана тілінде» қазақ өнері туралы жазылған мақалаларға жан-жақты талдау жасалынып, мазмұндық, тілдік-стильдік тұрғыдан әділ бағалары берілген.

Түйін сөздер: «Ана тілі» газеті, өнер, мәдениет, ұлттық рух, ұлттық баспасөз, мақала, ақпарат, әлеумет, көрермен, қазақ, талант, ұлт тағдыры, талант, саңлақ.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2018-125-4-25-30>

Газеттің әр санын парақтаған сайын ондағы материалдың молдығын, алуан түрлілігін, осыған сай әрбір мақала, ондағы көтеріліп жатқан мәселелердің мазмұны, оқырман хаттарының орамды ойлары, ақын, жазушы, ғалымдар, өнер адамдарының пікір лебізі, сұхбаттағы өрбіткен ойларына сай берілген мақала маңдайшаларындағы айдарлар да сан түрлі. Ол айдарлардың қысқа да нұсқа, ұғынықты да түсінікті, берілген материалдың мазмұнын ашатын, оқырманға ой саларлық, айдар етегінде берілген материалдың маңызы мен мәнін ашатын айшықты берілуі өзге басылымдарға да үлгі боларлықтай.

Сахна өнері жайлы 2010 жылғы «Ана тілі» газетінде жарияланған материалдардан осы газеттің әлеуметтік бөлімінің редакторы Динара Ізтілеудің «Жоғалған жұлдыздар» айдары астында «Жер жүзінің жизелі» мақаласы (№15. 15-21 сәуір) Ресей елінің намысын қорғап, атағын шығарып жүрген атақты Балерина, қазақ қызы Алтынай Асылмұратова жайлы. Мақала А.Асылмұратованың әр кейіпте түскен екі түрлі суреті және оның әкесі Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген әртісі, белгілі биші Абдулахим Асылмұратовтың жанұялық альбом мұрағатынан алған суреттерімен безендірілген.

Динара Ізтілеу «Ана тілі» және басқа да басылымдар арқылы әлеумет, өнер, мәдениет тақырыбында жазып төселген жас та болса біршама тәжірибелі журналист. Ол бұл тақырыпта өзінің толғамы, мәселені түсіну деңгейі, фактілер мен деректерді сұрыптау тұрғысынан жазуы, өзіндік жеке стилі қалыптасқанын байқатады. Бұл мақаланың лиді: «Алматыны сағындым! Алматының алқызыл алмаларын аңсаймын...» - депті Алтынай. Етжүректі еріксіз елжіретер екі ауыз сөз! Осы сөздерді естігенде, Сізді қайдам, біз сонау Сібір жақтан сартан сағыныштың самалы соққандай селт еттік... «Алмасын аңсап, Алматысынан адасып жүрген бұл қай Алтынай?» деген сауал санаңыздан саңылау тапса, Сіз айыпты емессіз. Бұған тек біркездері біртуарларын бағалай алмаған білместігіміз кінәлі десек, бізге қалатыны - өнердегі өрендерімізді өзіміз өлтіріп алғандай барлық тістететін

өкінішіміз ғана. Жоқ, жамандыққа жарымаңыз, Алтынай аман. Ол – қазір атағы алысқа кеткен айтулы балерина, Ресейдің Халық әртісі, дүйім дүниеге даңқты А.Виганова атындағы әйгілі орыс балет академиясының директоры һәм көркемдік жетекшісі, профессор Алтынай Асылмұратова. Тақиянды аспанға атып қуан, қазақ! Кенет жұлдызынды жаттың жетегіне жібергенің есіңе түсіп, жанарыңа жас үйірілсе де жаңғырмаймыз...» - деген сөйлемдерден берілген. Бұл Динара Ізтілеудің мақаласының мазмұнынан хабар беріп, оқырманды өзіне еліктіріп тартады. Мақала ақпаратты талдап, сараптау арқылы оқиғаға қатысы бар адамдардың пікірлерін білу, оларға сілтеме жасау, көпшіліктің талқысына салу, сол арқылы қоғамдық пікір қалыптастыруды мақсат еткені көрініп тұр. Мақала «Ақ шәркей еді арманы», «Талантқа тас атқан тағдыр», «Ару Алтынай – ғасырлық ғажайып», «Алыстап кетті-ау Алтынай...», «Асылдың сынығы алыста жүр» тақырыптарға бөлініп жат елде жүрген қазақ балеринасы А.Асылмұратованың өнері мен өмірі, әсіресе өнердегі дүйім дүниені таңдай қақтырған жетістіктері, оны жат жұрттықтар қалай қадірлейтіні, осындай талантты қызымызды Қазақстандағы қазақтар, біздер көрмей-білмей жүргенімізді өзегі өкінішпен өртеңе жаза келіп, мақаланың соңындағы лид, яғни P.S. – ті: «Күні кеше Ванкуверден елге күміс әкелген Елена Хрусталеваны көргенде ормандай орысыңыздың опынып, жанарларына жас іркілгенін көзіміз көрді. Жақынының жаттық жалауын желбіреткенін кім жақтырсын. Кезінде Президенттің өзі Қытайдан Майра Мұхамедқызы мен мың бұралған биші Шұғыла Сапарғалиқызын арнайы алдырған еді. Қазір ол екеуі де туған елінің мерейін өсіріп жүр. Көрер көз сүйінеді. Бүгінде елімізде қос бірдей балет театры бар. Жаңа буынның буыны қатып, есейіп келеді. Мәдениет министрлігі отауын оңаша тікті. Ойланатын да, қолға алатын да кез жеткен секілді. Жат елдің жәдігеріне айналған жауһарларымызды елге жеткізсек екен. Жақұтың жатқа жұтылмасыншы, ұлтымыз ұтылмасыншы, қазағым. Біздегі тілек – осы», - деп бітіреді.

Д.Ізтілеудің бұл мақаласы өз мақсатының мүддесінен шыққан, алдына қойған талабы орындалған мақала. Ең бастысы көпшіліктің көңілінен шығатыны айдан-анық. Сонымен қатар, бұл журналистік зерттеу сараптамалық мақала болған оқиғаны жеріне жеткізе талдап, өз сөзімен жазып шыққан, А.Асылмұратованың тағдырына қатысты оқиғалардың ең бастысын кезең-кезеңімен баяндап, оның өмірбаяны мен өнеріне моральдық адамгершілік тұрғыдан баға беріп, оған байланысты түрлі ақпарат көздерінің ең негізгілерін таңдап топтастырып, жүйелеу арқылы, және де осы тақырыпқа қатысты түрлі өнер адамдары, мәселен, Марат Бисенғалиев, Светлышева Файна, Тудочкина-Канкина Наталья Николаевна қатарлы белгілі адамдар тарапының түрлі көзқарастарын біліп, цитата алады. Осындай әртүрлі фактілер мен аргументтер негізінде өз пікірін де таразыға салып, оқырманға ұсынады. Бұл ретте біз Д.Ізтілеудің журналистік шеберлігіне күмән келтіре алмаймыз.

«Ана тілі» - апталық, ұлт газетіне сахнаның Саңлақ өнерлерінің бірі туралы Біләл Қуаныштың «Қазақ биі: қолға аламыз ба, құр қаламыз ба?» (№13. 1-7 сәуір) зерттеу мақаласы тағы да бастапқы лидпен басталды. Мұнда: «Бұл күнде ұлттық би туралы, оның ішінде «Қара жорға» биі туралы ой толғанатын қазақ баспасөзі кемде-кем. Бірақ біз әлі күнге «Биіміз бар ма, жоқ па?», «Қара жорға» қазақтыкі ме, моңғолдікі ме?» деген сұрақтардан әрі аса алмай жүрміз. Ал өзге жұрт өз мәдениетін әлемге паш етуде. Тіпті көрші Қытай елі сондағы өсіп-өркендеген қазақ биін «Қытай мәдениетінің айырылмас бір бөлігі» деп қарап, оның пісіп – жетілуіне барынша жағдай жасауда. Оған дәлел ретінде «Қазақ биі» жеке мамандық ретінде 3 жыл оқытылатынын айтсақ та жеткілікті», - деп бастап ұлт өнерінің осы саласының, яғни қазақ биді дамытудың кенже қалып бара жатқанын, оның ұлт болашағы, елдің ертеңіне тікелей қатысты мәселе екенін тілге тиек етеді. Осы ретте бұрын-соңды біз көп ескеріп оқи бермеген Мұхтар Әуезовтың қазақтың ұлттық биі туралы айтқан тамаша сөзін сілтеме қылады. Заманымыздың Заңғар жазушысы былай дейді:

«Қазақтың мынадай даласы... Көкпарды көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Бәйгені көрдіңіз бе? Жорғаның жүрісін көрдіңіз бе? Міне, осының бәрі – қимыл, қозғалыс. Аттың желісі, жәй жүрісі, сылбыр жүрісі, шабыс жүрісі – осының бәрі би емес пе, би. Қазақтың күйін тындап көріңіздер, қандай әуен иірімдері, қандай ырғақтар жатыр. Қол өнері, ағаш үйдің өзі, ою, кілем тоқу, өрмек тоқу, ши орау – осының бәрі қимыл, осының бәрін ойлан, музыкасын тауып, күйін тауып, сәйкестірсең би болып шығады». Бұл сөз осы мақаланың мандайшасындағы «Көзіңнің қарашығындай» деген айдармен қоса ұлттық әдемі киім киіп, қазақ биін төгілте билеп тұрған Шара апамыздың (Жиенқұлова) әсем суретімен әшекейленгені мақаланың ажарын аша түскен. Сонымен қатар, Шара Жиенқұлованың: «Қыздар «Шара би билейді» деп ортаға шығарды... Амалсыз билей бастадым. Сонда көз алдымда құстардың қалықтай ұшқаны, рауандап атып келе жетқан таң алдындағы гүлдердің бүр жарғаны, күн сәулесінің ұшқыны, су төгілмес тайпақ жорғаның жүрісі, тау текенің шың басынан секіргені, күй ырғағын өршелендіре түскен күйші қолының қимылы – бәрі-бәрі маған музыка сазындай естіліп, соның ырғағымен ұршықша үйіріліп, шыр көбелек айнала бердім» - деген сөзінен сілтеме жасауы халық биі қазақтың қанымен шыққанын, оның жаратылысында бар екенін айғақтайтынын айтып, «Аю биі», «Қара жорға», «Қаз биі», «Бүркіт биі», «Ортеке биі» т.б. билерді атай келіп, «Аю биінің» шығуы туралы тамаша аңыздың екі нұсқасын әңгімелейді. Осылайша қазақтың ұлттық биі турасы әркездегі ерекше оқиғаларды еске ала келіп, би тағдыры туралы ұсыныстар, ұлттық биді дамытуды қолға алу, оның мектебін қалыптастыру, ол үшін қаражат бөлу, бүгінгі ұрпақтары жалғастырушыларды қолдау, қамқорлыққа алу қатарлы көптеген ойларын ортаға сайып келе «Қазақ биі – талайды тамсандырған таңғажайып өнер, ұлттық құндылық. Қолға аламыз ба, құр қаламыз ба? Ойланатын уақыт өтіп барады» - деп түйіндейді. Журналистің бұл жандауысы осы оқиғалардың, әсіресе басшылардың, ұлттық өнер саясатының тізгінін ұстаушылардың назарына шалынатыны даусыз. Өйткені, әр саланың (қоғамдық өмірдің) өз жанашыры, әуестелушісі, іске асырушылары, қолға алушылары бар екені даусыз. Демек, қоғамдық пікірге тамыздық қосқан журналистің мақсатын орындау үшін осы тақырыпты көптің талқысына салуы, оған ұлт газеті жанашыры ретінде ортадан ойып тұрып орын беріп, көрнекті бетіне көрнекті түрде орналастыруы газет редакторлары және беттеушілерінің де өз істеріне адалдығын дәлелдейді. Мақала орынсыз артық сөздер, дәлелсіз тұжырымдар келтірмеуі, сараптамалық және қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатында, ұлт өнеріне деген үлкен жанашырлықпен жазылғаны көзге айқын ұрып тұр.

Газеттің №23. 10-16 маусым күнгі санынан орын алған «Дүние – керуен» айдарымен берілген «Күй – ғұмыр орта жолда үзілді» атты қазанама қазақтың күй өнерінің дүлдүлі, даңқты домбырашы, Қазақстан Республикасының халық әртісі Қаршыға Ақмедияровтың ақырғы сапарға аттандыруға байланысты шыққан. Мақала дәулескер күйші-домбырашы, талантты композитор Қаршыға (Қаршымбай) Ақмедияровтың өмірбаянын толық беріп, марқұмды жер қойнына берудегі азалы жиынға Алаш халқы Алматыдағы М.Әуезов академиялық драма театрына жиналғаны, Астанадан Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед пен Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағанбетовтың арнайы келгенін, министр Елбасының көңіл айту хатын оқығанын, хатта: «Халқымыздың аяулы перзенті, дәулескер күйші әрі композитор Қаршыға Ақмедияровтың өмірден озғанын естіп отырмын. Аса ауыр қайғыларына ортақтасып көңіл айтамын. Ол кісінің халқымыздың киелі күй өнерін насихаттардағы орны да, еңбегі де орасан еді. Күй құдіретінің барлық нәзік иірімдерін жайып салатын орындаушылық шеберлігі әрдайым тыңдаушысын қайран қалдырып, жанына ерекше шуақ сыйлайтын. Елімізде соған еліктеп, тікелей білім беріп, тәрбиелеумен көптеген өнерпаздар өсіп жетілді. Оның сымбатты тұлғасына сан ғажайып өнер мен тамаша адамгершілік қасиеттері қабат қабысып жататын. Елі барда, халқы барда Қаршыға Ақмедияровтың есімі мен еңбегі, қалыптастырған мектебі, қалдырған мұрасы ұмытылмайды деп сенемін. Мархұм-

ның топырағы торқа, жаны жаннатта болғай. Алдағы күндеріңізге имандық пен жақсылық тілеймін» - дегені айтылады, және осыған қоса қос палаталы Парламент, Үкімет басшысы, Үкімет мүшелері түгел қосысып қазаға көңіл айтатындарын жеткізгенін баяндайды.

Ал Астана қаласының әкімі И.Тасмағамбетовтің: «...Қазақ халқының, қазақ өнерінің бір қабырғасы құлады деуге болады. Қазақ деген халықтың өзге елден ерекше екшілес өнері болатын болса, ол күй өнері еді. Сол өнердің сонау Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап пен Динаның өмірдегі өзіндей, өнердегі көзіндей болған Қаршыға өмірден өтті. Ұлы домбырашы өмірден өтті. Бүгін қасиетті қара домбыра өзінің иесін жоғалтқандай... Күй – күдірет, өнер – қасиет. Осы бір бақыт Қаршыға ағамыздың маңдайына жазылған еді... Жиырмасыншы ғасырда қазақтың күй өнері жайыла жаздап, тілі мен ділі талан-таражға түскен шақта Қаршыға қанатымен су сепкендей қазақтың күй өнерін сақтап қалды. Еділ мен Жайықтай қос ішекті домбырашы кешеден бүгінге аман табыстап, бүгінгі ұрпаққа аманат етті. «Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп ұлы Абай айтпақша, Қаршыкеңді өлді деуге дәтіміз бармайды. Өйткені артында бай рухани мұрасы қалды. Артынан ерген, өзі тәрбиелеген талантты шәкірттері бар. Сондықтан да Қаршыға ағамыздың нұрлы бейнесі әр қазақтың жүрегінде мәңгі сақталары анық. Қош бол, асыл аға! Жатқан жеріңіз жарық, топырағың торқа болғай...» - деген сөздерін толығымен келтіре келе қаралы жиында халық әртісі, мемлекет қайраткері Е.Рахмадиев, халық әртісі Ж.Әубәкірова, ақын – Иран-Ғайып, ардагер Ғ.Маштаховтар сөз алып, азалы ағайынды сабырға шақырғанын, марқұмды Кеңсайда жер қойнына тапсырылғанын хабарлайды.

Сондай-ақ өнер ардагерлері Рахым Тәжібаев, Кәріма Сахарбаева, Өтепберген Хамзин, Ләтифолла Қанашевтердің азаны еске алу сөздері осы бетте қоса берілді. Осындай қаралы хабар берілетін баспасөздің дәстүрлі этикалық талабын сақтаумен қатар, өнер майталманымен қоштасар сәттегі оның ұлт өнерін дамыту, насихаттау жолындағы қажырлы еңбегі, алар орнын анықтап, марқұм туралы биік түсінік, құрмет пен ілтипат жасаудың маңызы мен қажеттілігін түсіндіреді. Алаш ардақтысының асыл бейнесін ақтық сәтінде қайта бір жаңғыртады. Оқырман қауымға да көңіл айтып, марқұмды құрметтеудің үлгісін көрсетуді көпшіліктің және жас ұрпаққа тәрбиелік үлкен маңызы бар.

Ал «Ана тілі» газетінің (№26. 1-6 шілде) осы жылғы санындағы Алаш Тұрсынәлінің «Тіршіліктің сәулелі сәттері» зерттеу сараптамалық мақаласы «Театр» айдарында берілген. Мақаланың лиді: «Қазақстанның мәдени өмірінде селт еткізер жаңалықтардың бірі – 25 маусымда өткен Астана мюзиклі. Мамандар аталған шығарманы Астана авторы Н.Ә.Назарбаевтың туған күніне жасалған сыйлық қана емес, қазақ мәдениетінің әлемдік процесстерге кірігіп, жаңа сатыға көтерілуінің белгісі ретінде бағалады. Бұл жаңалық Бродвей форматындағы әртістердің жаңа толқынын қалыптастырары да даусыз. Танымал маэстро Юрий Александров, либретто авторы Юрий Кудлач және композитор Алмас Серкебаев одағының қажырлы еңбегімен тамаша туынды бүгінде ел аузында жүрген қойылымға айналды» - деп жазылған. Мұндай резюме түріндегі немесе оқиғаны қысқаша баяндау лид негізінде жаңалық материалдарында ұсынылады. Ол қысқа сөзбен оқырманды бірден оқиғаның мәнісімен таныстырады. Бұл лидте дәл солай жазылған. Сондай-ақ посткеңестік журналистикада өте көп кездесетін оқиғаның қашан? Болғанын ерекшелеп көрсететін мұндай лид оқиға болған уақыт пен мерзімі мағызды дегенді аңғартса керек. Демек біз келтірген лид Астана және оның авторы Н.Ә.Назарбаевтың туған күндері бірге екенін, осы күннің ерекшелігіне орай жүрілгені мюзиклдің ерекшелігі, оның жаңалығы екенін, және де кім? деген сауалға орай қарапайым оқырманға аса танымал емес маэстро мен либретте авторы және композиторды бұл мюзиклды ұйымдастырушы тұлғалар ретінде алға шығарады. Арықарай сахнадағы мюзикл жанрының толық емес үстірт тарихын шолуда оқырманға «мюзикл» атты жанрдың нақты анықтамасы берілмей бұлыңғыр күйі қалуы бұл мақаланың кемшілігі болып табылады. Мақаладан үзінді келтірейік: «Мюзикл жанры 1866 жылы Нью-Йорк сахнасынан

бастау алады. Ал 1943 жылы Р.Роджерс пен О.Хаммерчтайынның Бродвейде қойылған «Оклахама» атты лирикалық комедиясының көпшілікке ұнағаны соншалық, Нью-Йорктың драма лигасы оған «Ғасырдың ең таңдаулы мюзиклі» деген атақ беріпті» - дей келе «Қазақ мәдениет тарихында өшпес із қалдырған «Айман-Шолпан», «Біздің сүйікті дәрігер» сынды музыкалық комедиялар, одан бергідегі Т.Мұхамеджановтың, А.Серкебаевтың туындылары аталған жанрдағы қазақы қолтаңбаны байқататын еді»... - деп жалғастыруы сахна өнерінің осы жанры оның ерекшелігі туралы оқырман сахнасына аз-аздап түсінік береді.

«Тағы бір ерекшелік, «Астана мюзиклі-заманауи Қазақстан жайлы шығарма. «Астана» - жастар жайындағы туынды. «Астана» - жаңа заман бейнесі, жас қала тұрғындардың өмірі. «Астана» - қазақ елінің жаңа тарихының жарқын парақтары» - деп лепірген тілші «...көрерменге орыс тілінде жол тартқан туындының қазақша нұсқасы сапалы және жақын арада дайындалса зор қуаныш болар еді» - деп ол көңілге су құя салады. Демек, Астана мюзиклі қазақ тілінде жүрілмеген. Мұндай жанрымыздың қазақ тілінде түбі бір айналар, айдарылар деген ой-елек дәме, яғни «тумаған ту сиырдың уызы» болып қала береді. Осы арада лид жазғанда абай болатын бір нәрсе оқырман қалай қабылдау керектігін нұсқап тұратын «...қуанышты хабар алынды» немесе «...қайғылы оқиға орын алды» деген сияқты нұсқалардан сақтану керек деген қағида еске түседі.

Тәуелсіз Қазақстан баспасөзі, соның ішінде «Ана тілі» ұлттық апталық газеті алғаш шыққан күнінен бастап өнер мәселесіне қатысты өзекті ойлар айтылған мақалаларды батыл жариялай отырып, осы жылдар кезеңіндегі өнер әлеміндегі келеңсіздіктерді де батыл көтере білді. Осы мерзімде газеттің бетінде «Тіл өнері – дертпен тең» (Абай) тұрақты айдары ұлтымыздың баға жетпес қазынасы, асыл мұрасы, өнер алды болған тілімізді, ұлт рухының қайрағы болған өнердің басқа да барлық түрлерін ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеп, тағылымы мол материалдар жариялап келді. Әлі күнге дейін өнерімізді сырт қалдырмай, оны талқылап, дамытудың әдіс-тәсілдерін жасап, жариялап келе жатқан бірден-бір газет деп айтсақ артық болмас еді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ізтілеу Д. Жоғалған жұлдыздар / Д. Ізтілеу // «Ана тілі» газеті. - № 15, - 23.11. 2010,
- 2 Білал Қуаныш. Қазақ биі: қолға аламыз ба, құр қаламыз ба? / Білал Қуаныш // «Ана тілі» газеті. - 2010, - № 13.
- 3 Ізтілеу Д. Күй-ғұмыр орта жолда үзілді. / Д. Ізтілеу // «Ана тілі» газеті. - 2010, - № 23.
- 4 Тұрсынәлі А. Тіршіліктің сәулелі сәттері. / А. Тұрсынәлі // «Ана тілі» газеті. - 2010, - № 26.

Б.Т. Баткеева

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Проблемы казахского искусства на страницах газеты «Ана тілі»

Аннотация. Газета «Ана тілі», на сегодняшний день, является одним из передовых органов печати. Освещая на своих страницах самые насущные проблемы национального языка, культуры литературы, газета подчеркивает в своих материалах основную роль казахского языка в деле воспитания подрастающей поколения в духе любви к Родине, уважения к культуре, историй, традициям своего народа.

В статье дан всесторонний анализ материалам газеты «Ана тілі», посвященным проблемам национального искусства. Автором подробно освещены такие моменты, как особенности содержания, стиля и языка, злободневность и актуальность выдвинутых в статьях проблем.

Ключевые слова: Газета «Ана тілі», культура, искусства, творчество, статья, информация, зритель, казах, национальный дух, самосознание

B.T. Batkeeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The problems of Kazakh art on pages of “Ana tili” newspaper

Annotation. Nowadays “Ana tili” is the progressive printed media outlet. It covers very important issues of national language, culture and literature, as well as it highlights the significant role of Kazakh language in upbringing of younger generation inspired by patriotism, respect to the culture, history and customs.

In this article thorough analysis of “Ana tili” newspaper materials, related to the problem of national art is represented. The author gives detailed description of the content, style and language which is used in the article, as well as the relevance and urgency of the topic.

Key words: newspaper “Ana tili”, culture, art, creative work, article, information, audience, Kazakh, national spirit, consciousness.

References

- 1 Iztileu D. Zhogalghan zhuldyzdar [Lost stars], «Ana tili» newspaper, (15), 23.11. (2003). [in Kazakh]
- 2 Bilal, Kuanysh. Qazaq bii: qolğa alamız ba, qur qalamız ba? [Kazakh Dance: Can We Take It or Stay Away?], «Ana tili» newspaper, (13), 17. 10. (2003). [in Kazakh]
- 3 Iztileu, D. Küy-ğumır orta jolda üzildi [Life was interrupted on the middle of the road], «Ana tili» newspaper, (23), (2003). [in Kazakh]
- 4 Tursynali, A. Tіршіліктің säwleli säттері [Racial moments of life], («Ana tili» newspaper, (26), 2010). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Баткеева Б.Т. - Филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Қ.Сәтпаев көш. 2. Астана, Қазақстан.

Batkeeva B.T. - Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, K.Satpayev str. 2. Astana, Kazakhstan.